

"Қазақтелеком" акционерлік қоғамына қауымдық сервитут белгілеу туралы

Түркістан облысы Төлеби ауданы Ленгiр қаласы әкімінің 2025 жылғы 6 қазандағы № 102 шешімі

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 19, 69 баптарына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабына, Төлеби аудандық жер қатынастары бөлімінің 12.09.2025 жылғы (жер учаскесін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобасын бекіту туралы) №692 (№ KZ11VBG01645834) бұйрығына, Төлеби ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің қала құрылыстық қорытындысына және өтінішіне сәйкес ШЕШІМ ЕТТІ:

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамының филиалы – "Желі" дивизоны" бірлестігіне Ленгiр қаласы, Оқжетпес көшесінің бойынан талшықты оптикалық байланыс желілерін жүргізу үшін жалпы алаңы 0,1960 га жер учаскесін 5 (бес) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалу барысын қадағалау қала әкімі орынбасары Ж.Байзақовқа жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

М.Жұмабаев